

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Басқармасының

2002 жылдың 07 шілдесіндегі
№ 57/0 шешімімен

Б е к і т і л г е н

2002 жылдың 01 шілдесінен бастап

Қолданысқа енгізілді

Сауда-саттық жүйесін пайдаланушыларды сертификаттау **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2002

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Басқармасының 2003 жылдың 27 қаңтарындағы № 11/0 шешімімен бекітілген;
- 2003 жылдың 03 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздеріне тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

3. № 2 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2007 жылдың 14 қарашасындағы № 164/2 шешімімен бекітілген;
- 2007 жылдың 14 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесінің (әріректе – сауда-саттық жүйесі) жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында және оны біліксіз әрекеттерден (біліксіз әрекетсіздіктерден) қорғау мақсатында әзірленген *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

1 Тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"Биржа"** – "Қазақстан қор биржасы" АҚ *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 1–1) **"интернет–клиент"** – Биржа мүшесімен келісім-шартқа отырған тұлғаның Интернет немесе басқа да байланыс арналары бойынша сауда-саттық жүйесі арқылы берген нұсқаулары (клиенттік тапсырыстар, бұйрықтар) негізінде Биржа мүшесі аталған тұлғаның есебінен және оның мүддесі үшін сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2003 жылдың 27 қаңтарындағы № 11/0 шешімімен кіргізілген)*;
 - 2) **"байқаушы"** – сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық барысы мен нәтижелерін қарауға жіберілген жеке тұлға;
 - 3) **"оператор"** – Биржа атынан сауда-саттық жүйесінде белгілі бір әрекеттер жүргізуге (сауда-саттық жүйесін әкімшіліктеуге) өкілденген Биржа қызметкері;
 - 4) **"растау жүйесіне қатысушы"** – Биржаның растау жүйесінің терминалынан әрекеттер жүргізуге өкілденген жеке тұлға;
 - 5) **"сауда-саттық жүйесін пайдаланушы"** – трейдер немесе растау жүйесіне қатысушысы немесе бақылаушы немесе оператор;
 - 6) **"трейдер"** – Биржа мүшесі атынан сауда-саттық жүйесі арқылы Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысатын жеке тұлға.
2. Осы Ережелерге сәйкес, Сауда-саттық жүйесін пайдалануға, осы Ережелердің 2-1 тармағында белгіленген ерекшеліктерден басқа, сертификаттаудан және сертификаттауды растаудан өткен жеке тұлғалар ғана жіберіледі, *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2003 жылдың 27 қаңтарындағы № 11/0 шешімімен өзгертілген)*.
- 2–1. Интернет–клиенттердің есебінен және мүддесі үшін мәміле жасау мақсатында, оларға қызмет көрсететін Биржа мүшелеріне өздерінің өкімдерін (клиенттік тапсырыстарын, бұйрықтарын) беру үшін, аталған интернет-клиенттер сауда-саттық жүйесіне сертификаттаусыз жіберіледі. Осы ретте:
 - 1) Биржа мүшесі өз клиентіне интернет-клиент мәртебесін беру мүмкіншілігін, демек, интернет-клиенттердің есебінен және мүддесі үшін сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасау үшін өзінің өкімдерін (клиенттік тапсырыстарын, бұйрықтарын) беру мүмкіншілігін өзі анықтайды;
 - 2) интернет-клиентке қызмет көрсететін Биржа мүшесі осы интернет-клиенттің сауда-саттық жүйесіндегі әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне, сондай-ақ, осындай әрекеттер мен әрекетсіздіктердің салдарына да толық жауапты болады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2003 жылдың 27 қаңтарындағы № 11/0 шешімімен енгізілген).

2 Тарау. СЕРТИФИКАТТАУ ШАРТТАРЫ

3. Сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат алуға ниеттенген трейдер (трейдерге үміткер) мынадай талаптарға сай тиіс:
 - 1) Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатының 3 Қосымшасында берілген үлгі бойынша рәсімделген, Биржа мүшелерінің трейдерлері тізіміне осы тұлғаның аты енгізілуі тиіс;

- 2) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2007 жылдың 14 қарашасындағы № 164/2 шешімімен алып тасталған);*
 - 3) осы тұлғаның қаржы құралдарымен операциялар жүргізу бойынша үш айдан кем емес уақыт тәжірибесі (тәртіптерін білу), трейдердің атқаратын қызметтерін білуі тиіс;
 - 4) аталған тұлға Биржа өткізетін сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу бойынша оқыту курсы өтуі тиіс;
 - 5) осы тұлға Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған қаржы нарығының ұйымдастырылуы мен қызмет етуіне қатысты заңнамасын, сондай-ақ, сауда-саттық жүйесіне қатысты Биржаның ішкі құжаттарын білуі тиіс;
 - 6) аталған тұлға Биржа өткізетін сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтиханын табысты тапсыруы тиіс.
4. Сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат алуға ниеттенген растау жүйесіне қатысушысы (растау жүйесіне қатысушысына үміткер) мынадай талаптарға сай болуы тиіс:
- 1) Биржаның "Бағалы қағаздардың сауда-саттық нәтижелері бойынша есептесудің жалпы шарттары" атты ішкі құжатының 3 Қосымшасында берілген үлгі бойынша рәсімделген, растау жүйесінің пайдаланушысының қызметкерлер тізіміне осы тұлғаның аты кіргізілуі тиіс;
 - 2) аталған тұлға растау жүйесі тәртібінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жүргізу бойынша Биржа өткізетін оқыту курсы өтуі тиіс;
 - 3) осы тұлға растау жүйесіне қатысты Биржаның ішкі құжаттарын білуі тиіс;
 - 4) аталған тұлға растау жүйесі тәртібінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жүргізу бойынша Биржа өткізетін емтиханынан табысты өтуі тиіс.
5. Сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат алуға талаптанған (бақылаушыға үміткер) бақылаушы келесі талаптарға сай болуы тиіс:
- 1) сауда-саттық жүйесінің барысын және сауда-саттық нәтижелерін қарауға қызметкерлерді жіберу туралы Биржа мүшесінің өтінішіне осы тұлғаның аты кіргізілуі тиіс;
 - 2) аталған тұлға қарау тәртібінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жүргізу бойынша Биржа өткізетін оқыту курсы өтуі тиіс;
 - 3) аталған тұлға қарау тәртібінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс жүргізу бойынша Биржа өткізетін емтиханынан табысты өтуі тиіс.
6. Сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат алуға талаптанған оператор (оператор болуға үміткер) келесі талаптарға сай болуы тиіс:
- 1) аталған тұлға сауда-саттық жүйесімен жұмыс жүргізу бойынша Биржа өткізетін оқыту курсы өтуі тиіс;
 - 2) осы тұлға Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған қаржы нарығының ұйымдастырылуы мен қызмет етуіне қатысты заңнамасын, сонымен қатар, сауда-саттық жүйесіне қатысты Биржаның ішкі құжаттарын білуі тиіс;
 - 3) аталған тұлға сауда-саттық жүйесімен жұмыс жүргізу бойынша Биржа өткізетін емтиханынан табысты өтуі тиіс.
7. Биржа Басқармасы кейбір тұлғаларға қатысты, осы Ережелердің 6 тармағынан тыс ерекшеліктер белгілеуге құқылы.

3 Тарау. СЕРТИФИКАТТАУ ТӘРТІБІ

8. Сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтихандар өткізу үшін, Биржа қызметкерлері арасынан, құрамы Биржа Басқармасымен белгіленетін, Емтихандық комиссиясы құрылады.
9. Сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат алушы үміткер тұлғадан сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтихан тапсыруға дайындығы туралы хабарламасын алысымен,

Емтихандық комиссиясы осы тұлғаның айтылмыш емтиханға жіберілуі туралы мәселесін қарап, аталған емтиханның күні мен уақытын белгілейді. Емтихандық комиссиясының тиісті шешімі жазбаша түрде рәсімделмеуі мүмкін.

10. Сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтихан Биржада қабылданып, оны өткізу уақыты, осы Ережелердің 9 тармағында көрсетілген, хабарламаны алғаннан кейін 7 жұмыс күннен аспауы тиіс. Емтихан нәтижелері хаттамамен рәсімделеді.
11. Чаудка-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтиханды табысты тапсырған тұлғалар, сауда-саттық жүйесін сертификатталған пайдаланушысы болып саналып, сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат беретін жеке идентификациялық нөмір (ID) алады.
12. Егер, сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат алушы үміткер тұлға, сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтиханды тапсырмаса, Биржада өткізілетін сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша қосымша оқу курстарын өткеннен кейін емтиханды қайта тапсыруға құқылы.
Сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтиханын қайта тапсыру, осы Ережелердің 9-11 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.
13. Сауда-саттық жүйесін пайдаланушыны сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша емтиханын қайта тапсыруға Биржа мынадай жағдайларда міндеттеуге құқылы:
 - 1) сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау бойынша осы пайдаланушыға Биржаның негізделген кінәраты болса;
 - 2) егер осы пайдаланушы сауда-саттық жүйесінде алты айдан астам уақыт жұмыс жасамаса;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйымдастырылған қаржы нарығының ұйымдастырылуы мен қызмет етуіне қатысты, сондай-ақ, сауда-саттық жүйесіне қатысты Биржаның ішкі құжаттарында, елеулі өзгертулер енгізілсе;
 - 4) осы пайдаланушы (трейдер) "Мүшелік туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатының 25 тармағына сәйкес, Биржа өткізетін сауда-саттығынан шығарылса.
14. Биржа жыл сайын трейдерлерге арналған Биржаның резервтегі сауда-саттық жүйелерімен жұмыс жасау және сауда-саттық өткізудің резервтегі әдістері бойынша семинар-тренингін өткізеді.

Президент

А.М.Жолдасбеков